

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары	2025
	Басылым: 1

«Қазақстанның инвестициялық қоры»
АҚ Директорлар кеңесі отырысының
2025 жылғы «13» маусымдағы
хаттамасымен бекітілген (№5 хаттама)

**«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

Алматы қ., 2025 жыл

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары (бұдан әрі – Стандарттар) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-да (бұдан әрі – Қор) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған.

2. Стандарттардың міндеттері:

1) лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде Қор қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын және жауапкершілігін қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықтау және жағымсыз салдардың алдын алу.

3. Стандарттардың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) ашықтық;

3) этикалық;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау.

4. Стандарттар Қор қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған ұсынымдарды айқындайды.

5. Стандарттардың негізіне сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер алынған:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, Қордың ішкі құжаттарының жобаларын дайындау;

4) тыныс-тіршіліктің тиісті саласының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастар кезінде.

2-бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

6. Қор қызметкерлерінің өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында мыналар ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін мүлтіксіз сақтау;

2) адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

4) өз іс-әрекеттерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалану;

5) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

6) заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

7) шешімдер дайындау және қабылдау кезінде жеке және заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық бермеу;

8) мыналарға қатысты шешім қабылдамау, бақылауды жүзеге асырмау, қызметтік тергеу жүргізбеу және оған қатысты жауапкершілік шарасын айқындамау:

іссапарға жіберу не демалыс беру туралы шешімдерді, өзінің жақын туыстарын, жұбайын (зайыбын) немесе жекжаттарын қоспағанда, өздері;

олар, олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары табыстың кез келген түрін алатын жеке және заңды тұлғалар;

олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары қызмет өткеретін (жұмыс істейтін) заңды тұлғалар;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, оның кез келген көріністеріне төзбеушілік таныту;

10) өтініштерді объективті, құзыретті, бюрократиясыз және әуре-сарсаңсыз қарау және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қажетті шараларды қабылдау;

11) әріптестеріне өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүгінуден бас тарту;

12) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеу және көтермелемеу;

13) өзінің қызметтік міндеттерін орындағаны үшін сыйлықтар мен қызметтік емес қызметтерді қабылдамау;

14) аталған адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін ресми тұлғаларға қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;

15) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

16) жеке және заңды тұлғалардың заңнамада көзделген ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету, оны кешіктірмеу, дұрыс және толық ақпаратты беру;

17) жеке немесе заңды тұлғалардан осы тұлғалардың беруі заңнамада көзделмеген ақпаратты талап етпеу;

18) жеке немесе заңды тұлғаларға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға кедергі жасамау;

19) егер ол жақын туыстық және тән қатынастардағы адамдардың тікелей бағыныстылығымен немесе бақылауында болуымен байланысты болса, лауазымға тағайындалудан бас тарту;

20) басшылыққа қатысты жеке адалдық, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда мен артықшылықтар алуға ұмтылу көріністеріне жол бермеу;

21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда белсенділік таныту;

22) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе лоббизм жасаудан, сол сияқты олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан бас тарту;

23) лауазымдық міндеттерді орындаудың бейтараптығы мен объективтілігіне әсер етуі мүмкін қаржылық және іскерлік қатынастардан аулақ болу;

24) қызметтік кабинетте грамоталарды, алғыс хаттарды, дипломдарды және жеке еңбегі мен жетістіктерінің басқа да куәліктерін орналастыру кезінде қарапайымдылық пен өлшем сезімін сақтау;

25) оларды сыбайлас жемқорлық көріністері үшін негізсіз жария айыптаған кезде мұндай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде, оның ішінде сот тәртібімен шаралар қабылдау;

26) тікелей басшыға мүдделер қақтығысының туындауы, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделілік, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;

27) жеке және жеке мүдделерді басшылыққа алмау;

28) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға сыйлықтар бермеу және лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;

29) әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

30) мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындау себептері мен жағдайларын және олардың салдарын жою жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдау;

31) табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден бас тарту.

7. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде мыналар ұсынылады:

1) әріптестер мен басшыларға өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүгінуден бас тарту;

2) құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Басқарма мүшесіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ құжаттарды жеделдетіп қарағаны немесе сөзбұйдаға тартқаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы баяндау;

3) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмән туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда хабарлау;

4) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

5) үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе лоббизм жасаудан, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан бас тарту.

3-бөлім. Сыйлықтар

8. Ешбір жағдайда Қор қызметкерінің сыйлық алуы/беруі қызметкердің не тұтастай Қордың беделіне теріс әсер етуі мүмкін жасырын сыйақы болып табылмауы тиіс.

9. Қор қызметкерлеріне:

1) Қордың клиенті/контрагенті, өзге де үшінші тұлғалар осындай қызметкердің қордағы лауазымдық және функционалдық міндеттеріне байланысты қандай да бір іс-әрекет (әрекетсіздік) жасауына байланысты өзіне, жұбайына (зайыбына), жақын туысына берген сыйлықтарды қабылдамау;

2) сыйлықтар ұсынуды сұрамау немесе мәжбүрлемеу ұсынылады.

10. Қордың, оның қызметкерлерінің атынан үшінші тұлғаларға валютаның нысанына (қолма-қол/ қолма-қол емес) және түріне қарамастан ақша түріндегі сыйлықтарға жол берілмейді.

11. Қор қызметкерлері осы бапта көзделген шектеулерді ескере отырып, іскерлік сыйлықтарды (жарнамалық, имидждік сипаттағы) қабылдауға/беруге құқылы:

1) семинарлар, презентациялар және өзге де іскерлік/корпоративтік іс-шараларды өткізуге байланысты;

2) құттықтау хаттары, құрмет белгілері, грамоталар немесе Қордың немесе басқа заңды тұлғаның кәдесый өнімдері сияқты презентацияға арналған;

3) Қор, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі өткізетін іс-шараларға қатысқаны үшін алынған наградалар, сыйлықтар.

4-бөлім. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу

12. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде мыналар ұсынылады:

1) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында көзделген ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) сатып алуды регламенттейтін заңнамада және нормативтік құжаттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды жүргізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестікті сақтау;

4) сатып алу процесінің ашықтығы мен жариялығына ықпал ету;

5) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

6) әлеуетті өнім беруші ретінде өткізілетін сатып алуға өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар не өткізілетін сатып алудың бастамашылары немесе ұйымдастырушылары болып табылатын Қор қызметкерлерінің жақын туыстарын, жұбайын (зайыбын) немесе жекжаттарын (ерлі-зайыптылардың туыстарын) қатыстыруға жол бермеу;

7) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және/немесе ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

5-бөлім. Кадрларды іріктеу, орналастыру және персоналды басқару

13. Кадрларды іріктеу, орналастыру және персоналды басқару кезінде құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұсынылады:

- 1) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасының талаптарын сақтау;
- 3) Қорға жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерге қойылатын негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;
- 4) қызметкерлердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;
- 5) жеке сипаттағы қандай да бір қызметтер көрсету туралы өтінішпен Қордың лауазымға тағайындалатын лауазымды адамдарын талап етпеу және оларға жүгінбеу;
- 6) қызметкерлердің қызметтік өкілеттіктерінің міндеттері мен көлемін нақты және нақты айқындау;
- 7) қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;
- 8) нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;
- 9) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбау;
- 10) қарамағындағыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;
- 11) қарамағындағылар мен басқа да адамдар тарапынан Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу;
- 12) бір бөлімше қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша толық шараларды уақтылы қабылдау;
- 13) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша кешенді шаралар қабылдау;
- 14) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, оның ішінде қарамағындағылармен бірге жою;
- 15) жоғары тұрған не төмен тұрған не онымен жұмысы бойынша өзге де тәуелді адаммен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау;
- 16) қарамағындағыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеу.